

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін

Ректор



У. Умбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі  
№1 хаттама, «29» 08 2024 ЖЫЛ



ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2024 жыл

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Нормативтік сілтемелер
3. Анықтамалар
4. Қызылорда «Болашақ» университетінде дуальды оқыту
5. Дуальды оқыту жүйесін енгізудің мақсаты мен міндеттері
6. Дуальды оқыту жүйесінің элементтерін қолдана отырып оқу үдерісін ұйымдастыру
7. Дуальды оқыту элементтерін ұйымдастыру үдерісіне қатысушылардың функциялары
8. Қорытынды ережелер

## **1 Жалпы ережелер**

1.1. Осы дуальді оқытуды ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қызылорда «Болашақ» университеті (бұдан әрі-Университет) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес педагог кадрларды тереңдетілген кәсіптік даярлауды іске асыру мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ережені қолдану мынадай мақсаттарға қол жеткізуді көздейді: теориялық оқытуды практикалық дайындықпен ұштастыру негізінде білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру;

пәннің оқу материалының кемінде 30%-ын тікелей өндірісте игеруді қамтамасыз ету (психологиялық-педагогикалық процесс, шығармашылық қызмет процесі, технологиялық процесс, қаржы-экономикалық процестер және т. б.);

білім беру траекторияларын қалыптастыру мәдениетін дамыту, курстар мен білім беру бағдарламалары бойынша оқыту бағдарламалары мен технологияларын үндестіру және үйлестіру;

еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін педагог кадрларды кәсіби даярлауды дамыту;

жоғары кәсібилігі мен ұтқырлығын қамтамасыз ететін педагогикалық кадрларды даярлау жүйесі үшін «Болашақ» университетінің оқу білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын өзгерту және сапалы жаңарту;

1.3. Ереже Қызылорда «Болашақ» университеті мен білім беру ұйымдары арасындағы әлеуметтік әріптестікті және өзара іс-қимыл тетіктерін дамыту мақсатында әзірленді.

1.4. Ереже республиканың барлық ұйымдық-құқықтық нысандары мен меншік нысандарындағы білім беру ұйымдарында бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгеретін күндізгі оқу нысанында Қызылорда «Болашақ» университеті білім алушыларын дуалды оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.5. Дуальды оқыту Қызылорда «Болашақ» университетінің, білім беру ұйымдарының оқытуды жүзеге асыру және оқу қызметінің өзге де түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға ие өзара іс-қимылына негізделген білім беру бағдарламаларын іске асыру нысаны болып табылады.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

Осы Ережеде пайдаланылған сілтемелер:

2.1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (141-VII 14.07.2022 жылғы редакциясында);

2.2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ (№ 134-VII 04.07.2022 жылғы редакциясында);

2.3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу

орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;

2.4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 30 қазандағы 2018 жылғы №595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде жасалған (ҚР Білім және ғылым министрінің 09.06.2021 ж. № 282 өзгерістерімен);

2.5. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы;

2.6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

2.7. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ЖЖБД 2019 жылғы 29 қазандағы №14-4/1610-1 хатпен жіберілген білім беру ұйымдарында кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

### **3 Анықтамалар**

**Дуальды оқыту** – кәсіпорынның (ұйымның), университеттің және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсына отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны;

**Дуальды оқыту туралы шарт** - өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту үшін жұмыс орнын ұсынатын білім алушы кәсіпорын (ұйым) мен университет арасындағы өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту шарттары мен тәртібін регламенттейтін жазбаша келісім;

**Өндірістік оқыту** - білім беру ұйымдарының және кәсіпорындардың (ұйымдардың) базасында білім алушылардың теориялық білім алуына, практикалық машықтануына бағытталған оқыту;

**Тәлімгер** - заманауи білім беру технологияларын меңгерген, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыратын кәсіпорынның (ұйымның) білікті қызметкері;

**Кәсіпорын (ұйым)** – бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыратын және осы қағидаларға сәйкес дуальды оқытуға қатысатын заңды тұлға;

**Білім алушыларды аралық аттестаттау** - білім алушылардың бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

**Білім беру бағдарламасы** - оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

**Кәсіптік практика** - болашақ кәсіптік қызметпен байланысты жұмыстардың белгілі бір түрлерін орындау процесінде теориялық білімді, іскерлікті бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге және дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі.

#### **4 Қызылорда «Болашақ» университетінде дуальды оқыту**

4.1 Дуалды оқыту жүйесі – кәсіптік оқыту мақсатында бірлесіп әрекет ететін екі ұйымның: кәсіпорын мен ЖОО-ның өзара іс-қимылына негізделген оқыту жүйесі. Екі мекеме де бір-біріне қатысты тәуелсіз серіктестер болып табылады.

4.2 Дуалды оқытуға қатысушылар:

- білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қызылорда «Болашақ» университеті;
- меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар (ұйымдар);
- университет білім алушылары.

4.3 Дуалды оқыту элементтерінің міндетті компоненттері:

- кафедра филиалдары туралы ереже;
- кафедра филиалдары туралы келісім-шарт;
- практикалық сабақтардан өту орнын көрсете отырып, әзірленген сабақ кестесі;

#### **5 Дуальды оқыту жүйесін енгізудің мақсаты мен міндеттері**

5.1 Дуальды оқыту элементтерін енгізудің мақсаты - еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз ету, оқытудың өндіріспен байланысын нығайту.

5.2 Келесі міндеттерді орындау кезінде мақсатқа қол жеткізуге болады:

- білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- Университеттің түлектерін жұмысқа орналастырудың жоғары пайызын қамтамасыз ету;
- жұмыс берушілердің кадрлық әлеуеті мен материалдық-техникалық базасын пайдалана отырып, білім беру бағдарламалары мен практикалық сабақтарды жүзеге асыру;
- сабақтастықты, интеграцияланған кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- университеттің оқу-зертханалық және оқу-өндірістік базаларын жаңғырту үшін жұмыс берушілерді тарту;
- білім алушыларды кәсіптік бағдарлау және түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жұмыстарды жүргізуде университет пен бизнес-қоғамдастықтардың өзара іс-қимылдарын үйлестіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- білім алушыға бағдарланған оқытуды күшейту, білім алушының өзіндік жұмысын жеделдету;

- өндірісте заманауи инновациялық технологияларды қолдану есебінен оқыту сапасын арттыру.

## **6 Дуальды оқыту жүйесінің элементтерін қолдана отырып оқу үдерісін ұйымдастыру**

6.1 Дуальды оқыту теориялық және практикалық оқыту болып бөлінеді: Теориялық оқыту Университет жағдайында, Практикалық оқыту — кәсіпорын (ұйымдарда) ұйымдастырылады.

6.2 Дуальды оқытуды қолдана отырып оқу процесі кредиттік технология бойынша іске асырылады және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады.

6.3 Дуальды оқыту элементтерін енгізе отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру кафедра филиалдары және өндірістік практикадан өту туралы шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Дуальды оқыту жүйесінің элементтері академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітетін оқу сабақтарының кестесінде көрініс табады.

6.4 Өндірістегі оқыту мен нысаны, мазмұны мен көлемі қолданыстағы білім беру бағдарламалары негізінде анықталады.

6.5 Білім алушылар аралық және қорытынды аттестаттауды Университетте тапсырады.

## **7 Дуальды оқыту элементтерін ұйымдастыру үдерісіне қатысушылардың функциялары**

### **7.1 Университет:**

- оқу үрдісіне қажетті жағдай жасайды;
- университетте өткізілетін оқу сабақтары мен өндірістегі сабақтарды көрсете отырып, оқу сабақтарының кестесі негізінде дуальды оқытуды ұйымдастырады;
- қол қойылған шарт негізінде кәсіпорында дуальды оқытудан өту үшін оқу тобын жіберу туралы бұйрық шығарады;
- кәсіпорынның (ұйымның) талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын іске асырады;
- кәсіпорында (ұйымда) білім алушының практикалық сабақтарға қатысуын мерзімді бақылау жүргізеді;
- білім алушылардың сабақ кестесіне сәйкес практикалық сабақтарға және академиялық күнтізбеге сәйкес кәсіби тәжірибелерге келуін қамтамасыз етеді.

### **7.2 Кәсіпорын (ұйым):**

- практикалық сабақтарды өткізу үшін жағдайларды қамтамасыз етеді;
- материалдық-техникалық базамен таныстырады;
- жұмыс жағдайымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларымен таныстырады;

- білім беру бағдарламаларына сәйкес практикалық сабақтар өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- оқытуға басшылық жасау үшін білікті мамандар ұсынуды қамтамасыз етеді;
- ұйымдағы жетекші білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың практикалық сабағының бағалануына ықпал жасайды.
- еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін бұзудың барлық жағдайлары туралы университетке хабарлайды.

### 7.3 Білім алушы:

- кәсіпорынның (ұйымның) шарттарымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шарттарымен танысады;
- оқу және өндірістік тәртіпті, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтайды;
- кестеге сәйкес практикалық сабақтарға қатысады.

## **8 Қорытынды ережелер**

8.1 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасына ауыстырылғанға дейін қолданылады.

8.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

**Келісілді:**

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



Г.Ж. Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы:



А.К. Мырзанова

Тіркеу офисінің жетекшісі:

К.У. Исхакова

Бизнес, техника және технология  
жоғары мектеп деканы



М.Ө. Ембергенов

Білім беру және педагогика  
жоғары мектебінің деканы



Д.Ж. Серкебаев

**Бұйрық жобасын дайындаған:**

Практика және академиялық ұтқырлық  
бөлімінің басшысы



А.О. Сейсекеев